

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 41 (893) 23 қыркүйек, 2022 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha_tan@list.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫН ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ

2022 жылғы 21 қыркүйек

Қазақстан Республикасы Конституциясының 41-бабының 3-1-тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы 2022 жылдың 20 қарашасына тағайындалсын.

2. Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы кезектен тыс президенттік сайлауды ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі кезектен тыс президенттік сайлауды ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету жөніндегі қажетті шараларды қабылдасын.

4. Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері сайлау құқығы бар азаматтардың тізімін уақытында жасауды және дұрыстығын қамтамасыз етсін, Орталық, аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларына кезектен тыс президенттік сайлауды ұйымдастыру мен өткізу мәселелерін шешуде жан-жақты көмек көрсетсін.

5. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев

Астана, Ақорда, 2022 жылғы 21 қыркүйек № 1019

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ҮНДЕУІ ҚЫМБАТТЫ ОТАНДАСТАР!

Биылғы жыл жан-жақты реформалар мен нақты өзгерістер жылына айналды.

Маусым айында өткен референдумның нәтижесінде билік тармақтары арасында тиімді тепе-теңдік орнады. Мемлекет «күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидасын берік ұстанады. Мәжіліс пен мәслихаттар жаңа аралас жүйе бойынша жасақталады. Депутаттардың бір бөлігі партиялық тізіммен, қалғаны бір мандатты округтен сайланады. Конституциялық сот құрылып, алдағы қаңтар айынан жұмыс істей бастайды. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институты конституциялық мәртебеге ие болды. Биліктің бірқатар өкілеттігі қайта бөлініп, кейбір құзыреттер Президенттен Парламентке берілді. Енді өңірлердің әкімдері баламалы жолмен таңдалады.

Конституцияға жер және оның қойнауы халыққа тиесілі деген бап енгізілді. Мен осы ережені жүзеге асыру үшін «Ұлттық қор – балаларға» деген мүлде жаңа бағдарлама ұсындым.

Конституциялық реформа – мен Мемлекет басшысы болып сайланғаннан бері жүзеге асырып жатқан ауқымды саяси жаңғыру бағдарламасының ажырамас бөлігі. Осы бағдарлама аясында бейбіт жиналыстарды өткізу үшін алдын-ала ескерту тәртібі енгізілді. Саяси партияларды тіркеу рәсімі жеңілдетіліп, тіркеудің қажетті шегі төмендетілді. Сайлау алдындағы партиялық тізімді жасақтау және депутат мандаттарын бөлу кезінде әйелдер мен жастар үшін 30 пайыздық квота енгізілді. Саяси партиялардың Мәжіліске өту шегі 7-ден 5 пайызға төмендеді. Сайлау бюллетендеріне «бәріне қарсымын» деген баған қосылды. Парламенттік оппозиция институты құрылды. Қылмыстық кодекстің 130-бабы қылмыстық деп танылмайтын болды, 174-бабы ізгілендірілді. Өлім жазасы жойылды. Ауыл әкімдерін тікелей сайлау тәсілдері енгізілді. Сондай-ақ басқа да көптеген тың бастамалар жүзеге асырылды.

Жалпы, соңғы үш жылда жасалған өзгерістер мен конституциялық реформа мемлекеттік-саяси құрылымның жаңа үлгісін қалыптастырды. Сондықтан мен Жолдауымда

сайлау мерзімін жария түрде және ашық айттым. Осылайша, біз басты мемлекеттік институттар – Президент, Парламент, Үкімет және мәслихаттардың бәрін біртіндеп қайта құрамыз.

Осы бастама жарияланғаннан бері бір айға жуық уақыт өтті. Бұл – барлық мәселені байыппен талқылап, жағдайды бағамдауға жеткілікті мерзім.

Халық біздің саяси жүйені өзгерту туралы жоспарымыздың мән-маңызын жақсы түсініп отыр. Сондықтан мен бүгін бұған дейін айтылған сайлаудың мерзіміне және Конституцияның талаптарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын 2022 жылғы 20 қарашада өткізу туралы Жарлыққа қол қойдым.

Бұл науқан елдің бүкіл саяси жүйесін түбегейлі өзгертетін сайлау кезеңін бастап береді. Сол арқылы экономиканы тұрақты дамытуды, халықтың әл-ауқатын арттырып, тұрмыс сапасын жақсартуды көздейтін ұзақ мерзімді міндеттерді жүзеге асыруға мүмкіндік туады.

Мен Жолдауымда бірқатар ауқымды әлеуметтік-экономикалық шаралар қолға алынатынын жарияладым. Біз оның бәрін жақын арада жүзеге асыруымыз керек. Көп ұзамай қоғамға сайлау алдындағы тұғырнамамы ұсынамын. Онда әлеуметтік-экономикалық дамуды көздейтін жаңа бастамалар айтылады.

Мен Мемлекет басшысы ретінде сайлау науқаны қатаң түрде заңға сәйкес өтетініне кепілдік беремін. Оны отандық және шетелдік байқаушылардың қатысуымен әділ әрі ашық өткізетін боламыз.

Барша азаматтарымызды жауапкершілігін сезініп, демократия, заң және тәртіп қағидаттарын берік ұстануға шақырамын. Еліміздің бірлігі мен тұтастығын көрсете білейік.

Халқымыздың тағдыры, Қазақстанның болашағы әрқайсымыздың қолымызда.

Біз Әділетті Қазақстанды бірге құрамыз!

Ақорда, 2022 жылғы 21 қыркүйек

МЕДИЦИНА АДАМДЫ, ВЕТЕРИНАРИЯ АДАМЗАТТЫ ЕМДЕЙДІ



Биыл өңірде ветеринарлық станциялардың құрылғанына 10 жыл толып отыр. Айтулы мерейлі датаға орай облыстық әкімдікте салтанатты жиын өтті. Шара барысында ветеринария саласының мамандарын аймақ басшысы Құмар Ақсақаловтың атынан оның бірінші орынбасары Марат Иманбайұлы Тасмағанбетов құттықтады.

– Мал ауруларын алдын алуға бағытында құрылған станциялар алғашында мемлекет бюджетінен қаржыландырылды. Кейін ауыл шаруашылығы басқармасының бөлінісі болып өз жұмысын жүргізді. Кейін жеке меншік иелерінің қарамағына өтіп, ветеринарлық лицензиат-дәрігерлердің институты ретінде қызметін жалғастырғаны баршамызға аян. 2012 жылы бұл маңызды құрылымда небәрі 200 адам еңбек еткен. Бүгіндері

станциялардағы мамандар саны 400-ден асып отыр. Әрине мұның барлығы үкімет тарапынан көрсетілген қаржылай және материалдық көмектің арқасы деп бағалаймыз. Былтыр ветеринария саласын дамытуға бюджеттен 100 млн. теңгеге жуық қаражат бөлінді. Әлі қомақты қаржы құйылатынына сенімдімін. Баршаңызды сіз үшін мерейлі жылмен құттықтай келе, отбастарыңызға амаңдық, жұмыстарыңызға табыс тілеймін, – деді облыс әкімінің бірінші орынбасары Марат Тасмағанбетов.

Салтанатты шарада облыс әкімінің бірінші орынбасары ветеринарлық станциялардың 10 жылдығына орай бірқатар сала маманына Ауыл шаруашылығы Министрлігінің марапаттарын табыстады. «Ауыл шаруашылығының үздігі» төсбелгісі – Жамбыл аудандық ветеринарлық станцияның

директоры Алексей Плужниковке берілді. Ал «Елеулі еңбегі үшін» медалі – Айыртау аудандық ветеринарлық станцияның басшысы Бекет Махметовтің кеудесіне тағылды. Оның бұл салада қызмет етіп жүргеніне 43 жыл болды.

– Еңбек жолымды Жамбыл ауданындағы кеншардың бірінде мал дәрігері болып бастаған едім. Кейін ветеринарлық станцияға ауысып, мансабымды әлі бұл орталықта жалғастырып жүрмін. Бүгін жұмысым бағаланып, Ауыл шаруашылығы Министрлігінің медалі берілді. Бұл марапат әрмен қарай ауылда адал қызмет етуге итермелейді. Қазіргі уақытта ветеринария саласына көп көңіл бөлінеді. Мұны біз мамандар айқын аңғарып келеміз. Десе де елді мекендерде кадр тапшылығы мәселесі өзекті. Мәселен станциямызда 35 жұмыс істейді. Әлі он шақты адамды жұмысқа алу керек. Өкінішке қарай, білікті қызметкерлер бізге қызметке орналасуға асықпайды, – деген Бекет Кенжеболатұлы Жамбыл аудандағы шаруашылықтар иелігінде және тұрғындарда 40 мыңға жуық ірі қара, 15 мың жылқы, 50 мың қой бар. Бұдан бөлек құстар саны 200 мыңнан асатынын да айтты.

Кейін Марат Иманбайұлы облыс әкімінің құрмет грамоталары мен алғыс хаттарын табыстады. «Еңбек даңқы» атты бірінші, екінші және үшінші дәрежедегі төсбелгілер өз иелерін тапты. Олардың қатарында Тайынша ауданы орталығындағы «Ветеринарлық станциясы» шаруашылық жүргізу құқығымен мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының директоры Тоқужинов Марат Мерғасимұлы да болды. Ол «Еңбек Даңқы» төсбелгісімен марапатталды. Ауданымыздың келесі мал дәрігерлері, өз ісінің мамандары Е.У.Қожахметов - ҚР Ауылшаруашылық Министрінің құрмет грамотасымен, О.Н.Жұмабаев -II-дәрежелі «Еңбек даңқы» төс белгісімен, Б.М.Макажанов III- дәрежелі «Еңбек даңқы» төс белгісімен,

Ж.Н.Садвакасов -облыс әкімінің құрмет грамотасымен, А.Н.Ранн -облыс әкімінің алғыс хатымен марапатталды. Құттықтаймыз!

Аманжол НҰРТАЗИН, тілші.

ҚҰРМЕТТІ СОЛТҮСТІКҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР!

Қарт адамдар мен мүгедектігі бар адамдарға қолдау көрсету айлығы қарсаңында Сіздерден облыс тұрғындарының аға буын өкілдері мен мүгедектігі бар адамдарға қолдау көрсету жөніндегі қайырымдылық науқандарына қатысу сияқты қалыптасқан игі дәстүрді қолдауды, бүкіл өмірін еліміздің болашағына арнаған адамдарға құрмет көрсетуді сұраймыз.

Қарттарға, егде адамдарға қамқорлық жасау туралы еш уақытта ойымыздан шығармау керек.

Оларға жайлы кәрілік пен кепілді әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету – біздің басты міндетіміз.

Қарттар күнінде оларға барынша көңіл бөліп, қамқорлық жасау керек.

1 қазан мен 1 қараша аралығында барлық солтүстікқазақстандықтарды қарттар мен мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдау айлығын қолдауға шақырамыз.

Сіздерге алдын ала алғыс айта отырып, қарттарды қолдау жөніндегі бүкілхалықтық науқанға белсенді түрде ат салысады деп үміттенеміз.

Айлық нәтижесі Сіздің азаматтық ұстанымыңызға байланысты болмақ!

Ұйымдастыру комитеті

* * * * *

Қыркүйектің 23 жұлдызы аудан бойынша ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ СЕНБІЛІК КҮНІ. Тайыншалықтар, аға ұрпақтың, зейнеткерлер мен мүмкіндігі шектеулі жандардың құрметіне бәріміз сенбілікке қатысайық! Ардагерлерімізді, ардақтайық!

Бұл мезгіл еңбегіңнің жемісін, табиғаттың сарқылмас сыйын көретін шақ. Сонымен қатар тазалыққа да бір сәт көңіл бөлетін кезең. Тазалық – тұрған өлкеңнің шырайын кіргізіп, қоршаған ортаға әдемілік сыйлайтын маңызды шаралардың бірі.

«Тазалық - денсаулық кепілі», - деген сөз тегін айтылмаса керек.

Көктемнің шуақты күндерінен бастау алған ауданымызды қоқыстан тазарту мақсатында ұйымдастырылатын тазалық жұмыстары үнемі бақылауда. Аудан көлемінде жүргізілген қызу тазалық жұмыстарынан соң аудан орталығы, қала мен ауыл айнадай жарқырап, ерекше түрге енеді. Сенбілікке қатысып, өз аумақтарынан қоқыс-қалдықты шығарып, ағаш түптерін әктеп, ортақ үйіміздің әсемденуіне бір кісідей атсалысу-азаматтық борышымыз. Өңір тазалығы, оның көркі мен сәні әрбір тұрғынның өз ауласы мен үйінің маңайынан басталады емес пе? Аудан орталығында тұратынымызды көпшілігіміз ұмытып кететін болуымыз керек. Жан-жағыңызға қарасаңыз үй иелерінің жекеменшік баспанасының ауласы мен маңайын абаттандыруға құлықсыздығының, ал көпқабатты пәтерлердің жан-жағына қоқыстарын қалай болса солай лақтыра беретіндігінің куәгері боласыз. Тіпті көршілес тұратындар бір-бірімен санаспайды, ұялмай көршісінің тазалаған аумағына қоқыстарын лақтырумен болады. Міне, осындай тәртіпсіздікке аудан, ауыл басшылары қатаң шара қолданса деп ойлаймын. Тазалығымен ерекшеленген қандайда бір көрініс жанға жылу береді. Жанымызға рахат, көңілімізге шаттық сыйлайтын тазалақ шараларына алдағы уақытта да белсене қатыссақ нұр үстіне нұр болар еді. Ауылымызды, қаламызды гүлдендіріп, көшелерімізді көркейтеміз десек санитарлық тазалықты өзімізден бастағанымыз жөн болар. Тұған өлкенің тазалығын қадағалау әрбір тұрғынның азаматтық парызы екенін естен шығармайық!

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ.

SMS АРҚЫЛЫ РӘСІМДЕЙТІН ҚЫЗМЕТТЕР САНЫ АРТТЫ

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы SMS-хабарлама арқылы 45 мемлекеттік қызметтің нәтижесі туралы хабарлайтын жаңа сервисті іске қосты. Енді клиенттер қызметтің нәтижесін білу үшін ХҚО-ға екінші рет бармайтын болады.

Сервис әлеуметтік төлемдер, жер қатынастары, еңбек мигранттарына рұқсат құжаттарын беру, мектепке дейінгі ұйымдар және азаматтық хал актілерін рәсімдеу желілерін қамтиды.

Тізімге енген мемлекеттік қызметтердің арасында бала тууы және оның күтімі бойынша әлеуметтік төлемдер тағайындау, баланы мектепке дейінгі мекемелерге кезекке қою, асыраушысынан айырылған жағдайдағы жәрдемақы тағайындау, еңбек мигранттары рұқсатын рәсімдеу немесе ұзарту және спорттық атақтар беру сынды мемлекеттік қызметтер бар.

Бұрын Клиент осы қызметтер бойынша ХҚО-ға келіп, рәсімдеуге өтінім беріп, дайын нәтижеге келу қажет болған кезде қағаз қолхат алатын. Содан кейін ол куәлікті немесе құжатты алу үшін қайтадан келді. Жаңа сервиспен ХҚО-ға екінші рет барудың қажеті жоқ, клиентке сілтемесі бар SMS-хабарлама келеді, ол арқылы дайын құжатты жүктеуге және қажет болған жағдайда оны басып шығаруға болады.

Жаңа енгізілім ХҚО-ларға келушілер ағынын азайтуға мүмкіндік береді және азаматтардың уақытын үнемдейді.

Жаңа сервис бойынша қолжетімді мемлекеттік қызметтердің толық тізімімен Мемлекеттік корпорацияның ресми сайтында танысуға болады.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ СҚО бойынша баспасөз қызметі.

* * * * *

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ АТАУЫ

1. Еңбекші көшіп келушіге рұқсат беру, ұзарту және кері қайтарып алу
2. ҚР-да уақытша болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға ЖСН қалыптастыру
3. Жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылуы жағдайына әлеуметтік төлем тағайындау
4. Бала тууға және бала бір жасқа толғанға дейін оны күтуге жәрдемақы тағайындау
5. Бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайына әлеуметтік төлем тағайындау
6. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарынан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру
7. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерін тағайындау
8. Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау
9. Жерлеуге арналған бір реттік төлемдерді тағайындау
10. Еңбекке қабілеттілігінен айырылу жағдайына әлеуметтік төлем тағайындау
11. Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау
12. Жұмысынан айырылу жағдайына әлеуметтік төлем тағайындау
13. Мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу
14. Естуі бойынша мүгедектер үшін жылына алпыс сағат ымдау тілі маманының қызметімен қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеу
15. Мүгедектерді арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеу
16. Үйде күтім көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттар рәсімдеу
17. Медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттар рәсімдеу
18. Асыраушысынан айырылу жағдайына әлеуметтік төлем тағайындау
19. Инфляция деңгейін ескере отырып, нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының сомасы мен зейнетақы жинақтарының сомасы арасындағы айырманы төлеу
20. Спорттық атақтар мен санаттар беру: «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері», «Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері»
21. Балабақшаларға жіберу үшін балаларды (6 жасқа дейін) кезекке қою
22. Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу
23. Бала кезінен бірінші топтағы мүгедектің күтіміне байланысты жәрдемақы тағайындау
24. Банкроттық салдарынан таратылған заңды тұлғалар қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына келтірген зиянды өтеу жөніндегі төлемдерді капиталдандыру кезеңі аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасының азаматтарына ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмекті тағайындау
25. Қайтыс болуды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістерді, толықтырулар мен түзетулерді енгізу
26. Көп балалы отбасына жәрдемақы тағайындау
27. Тұрғын үй көмегін тағайындау
28. Мүгедектерді және мүгедек балаларды санаторий-курорттық емделумен қамтамасыз етуге

құжаттарды рәсімдеу

29. Мүгедектерді протездік-ортопедиялық көмекпен қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеу

30. Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды тағайындау

31. Қандас мәртебесін беру немесе ұзарту

32. Жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектерді жеке көмекшінің қызметімен қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеу

33. Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну

34. Елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беру

35. Мүгедектігі бойынша әлеуметтік жәрдемақыны тағайындау

36. Мүгедек баланы тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) жәрдемақы тағайындау

37. Мүгедектерді техникалық көмекші (орнын толтырушы) қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеу

38. «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған көпбалалы аналарға мемлекеттік жәрдемақы тағайындау

39. Тракторлардың және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдердің, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерінің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерінің, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналардың кепілін мемлекеттік тіркеу (тіркеуден алу), өзгерістер мен толықтыруларды (оның ішінде, меншік құқығының басқа адамға ауысуы, талап ету құқығын басқаға беру, кейіннен кепілге (қайталама кепілге) салу) тіркеу және тіркелген кепілдің қолданысын тоқтату, сондай-ақ кепілді мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті немесе телнұсқаны беру

40. Жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобаларын бекіту

41. Халықаралық қатынаста жолаушыларды және багажды автомобильмен тасымалдауды тұрақты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының тасымалдаушыларына шет мемлекеттің аумағына (аумағынан) кіруге (кетуге) рұқсат беру

42. Мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындау

43. Авиация персоналына куәліктер беру

44. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарында білім алатын және тәрбиеленетін жекелеген санаттағы азаматтарға, сондай-ақ қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) және патронаттағы адамдарға тегін тамақтандыруды ұсыну

45. Шекара маңындағы аумақтың елді мекенінде тұрақты тұратын жері бойынша тіркелуін растайтын мәліметтерді беру

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының балалы отбасыларды әлеуметтік қолдаудағы рөлі

Қазақстанда балалы отбасыларды әлеуметтік қолдау ата-аналардың жұмыспен қамтылуына байланысты мемлекеттік бюджет және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры (МӘСҚ) қаражаты есебінен кешенді түрде көрсетіледі.

Бүгінде бала туған кезде ата-аналардың бірі еңбек қызметін жүзеге асыруына қарамастан, бала туғанда берілетін мемлекеттік жәрдемақыны бюджеттен алады, оның мөлшері бірінші, екінші, үшінші балаға – 38 АЕК-ті, ал төртінші және одан көп балаға – 63 АЕК-ті құрайды.

Сонымен қатар, жұмыс істемейтін аналар бюджеттен бір жасқа дейінгі бала күтімі бойынша ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақыны алады, оның мөлшері баланың туу кезектілігіне байланысты болады.

Жұмыс істейтін әйелдерге келетін болсақ, олардың мүдделерін қорғау мақсатында Қазақстанда 2008 жылдан бастап ана мен баланы әлеуметтік сақтандыру енгізілді.

ҚР Еңбек кодексіне сәйкес әйелдерге жүктілігі және босануы бойынша жұмыс орнынан демалыс беріледі. Осындай демалысты ресімдегеннен кейін болашақ ана жүктілікке және босануға байланысты табысынан айырылған жағдайда МӘСҚ-дан әлеуметтік төлем алуға өтініш береді.

Бұл төлемнің мөлшері демалыстың алдындағы соңғы жылдағы әлеуметтік аударымдар аударылған орташа айлық табысына байланысты болады. Биыл Солтүстік Қазақстан облысында 2 447-ге жуық әйел 1 418 миллион теңге көлемінде аталған төлемді алды. Бала туғаннан кейін ата-аналардың бірі МӘСҚ-дан бір жасқа дейінгі бала күтіміне байланысты табысынан айырылуы жағдайына төленетін әлеуметтік төлемге жүгіне алады. Төлем мөлшері баланың туған күніне дейінгі соңғы 2 жылдағы орташа айлық табыстың 40% - ын құрайды.

Ағымдағы жылы 8094-ке жуық адам 1 607,5 миллион теңге көлемінде осындай төлем алған.

Осылайша, жұмыс істейтін ата-аналар жұмыссыздарға қарағанда әлеуметтік төлемдерді көбірек алады.

Аналарды әлеуметтік қолдау деңгейін арттыру үшін 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап бала күтімі бойынша әлеуметтік төлем тағайындау кезеңі бір жастан бір жарым жасқа дейін ұлғайтылатын болады.

Бұл ретте, бала туғанға дейінгі соңғы **24 ай ішінде кемінде 6 ай** әлеуметтік аударымдар түскен адамдарға МӘСҚ-дан төлем тағайындалатын болады. Талап етілетін еңбек өтілінің ең төменгі деңгейі - 6 ай болмаған қатысушыларға бюджеттен бір жарым жасқа толғанға дейін бала күтімі бойынша мемлекеттік жәрдемақы тағайындалады.

Сондай-ақ, еңбек қызметін қайта жалғастырған жағдайда

әлеуметтік төлем тоқтамайды, керісінше сол сияқты мемлекеттік жәрдемақы мөлшері деңгейінде жалғасады деп көзделуде.

Баласы бар отбасы үшін, әрине, алаңдаушылықтар көп. Мемлекеттік органдардың цифрлық технологияларды дамытуы және әлеуметтік төлемдерді тағайындау процестерін автоматтандыруы мемлекеттік қызметтердің сапасы мен халық үшін қолжетімділігін арттыру мақсатында оларды көрсету процестерін оңтайландыруға мүмкіндік берді.

Мәселен, электронды қызметтер көрсету қарқынды дамуда. Мысалы, жүктілік және босану бойынша төлем алу үшін [egov.kz](#) порталы арқылы, ал бір жасқа дейінгі бала күтімі үшін төлем [egov.kz](#) порталы арқылы немесе екінші деңгейлі банктердің мобильді қосымшалары арқылы жүгінуге болады.

Әсіресе, азаматтарға өтініш бермей ақ, проактивті форматта көрсетілетін қызметтер сұранысқа ие болуда, ол үшін қызметті алу құқығын іске асыруға келіп түскен смс-хабарламаға өз жауабын-келісімін берсе жеткілікті.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2022 жылдың 1 қыркүйегінен бастап пилоттық режимде **Отбасының цифрлық картасын** енгізу басталды.

Іс жүзінде Карта -

– бұл әлеуметтік мәртебесіне байланысты, кепілдендірілген мемлекеттік қолдаудың қандай да бір түрін алу құқықтары туралы ақпарат беретін азаматтардың күн сайынғы **«электрондық жаршысы»**;

– көрсетілетін мемлекеттік қызметтің **проактивті форматының жаңа құралы**. Яғни, мемлекет ақпараттық жүйе арқылы азаматқа тиісті органдарға жүгінбей-ақ мемлекеттік қолдаудың қандай да бір түрін алуды өзі ұсынатын болады.

Бұл бүгінгі таңда өңірдің және тұтастай елдің әлеуметтік портретін қалыптастыруға ғана емес, сонымен бірге халықты әлеуметтік қорғау шараларын іске асыруға бағытталған мемлекеттік бюджет пен МӘСҚ қаражатын пайдаланудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Бұл ретте тұрғындар Халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы да дәстүрлі әдіспен төлем алуға өтініш білдіре алады.

Тұтастай алғанда, Қазақстанда отбасын, ана мен баланы мемлекеттік қолдау әлеуметтік қамсыздандырудың басты басымдықтарының бірі болып табылады.

А.С.ЖУНИСОВА,

**Солтүстік Қазақстан облысы бойынша
«Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры»
филиалының директоры.**

* *

ШЕТЕЛДІК КӨЛІКТЕРДІҢ МӘСЕЛЕСІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 1 қыркүйектегі Жолдауында елде жүрген шетелдік тіркеудегі көліктер мәселесін қозғады. Ол елге заңсыз жолмен машина әкелуді тоқтатып, бұған дейін жеткізілгендерді заңды түрде мемлекеттік тіркеуден өткізу керектігін айтты. Сондай-ақ, Президент мұндай көлікті заңдастыру үшін утиль алымы мен алғашқы тіркеу сомасының орнына 200–250 мың теңге мөлшерінде төлем алуды ұсынды. Бұл шешім іздеуде жоқ және кедендік рәсімдеуден өткен машиналарға қатысты. Алайда бұл шара қалай жүзеге асатыны, қазір қолданыстағы кейбір ережемен қалай үйлесетіні белгісіз. Себебі біздің елде оң рөлді және Еуро-4 стандартына сай келмейтін көліктер бастапқы тіркеуге қойылмайды. Жақында жауапты мекемелер тиісті ұсыныстарын айтатын шығар. Әзірге бұл мәселе бойынша қысқаша ой-пікірлер ұсынамыз. Оқырмандардан өз ой-пікірлеріңізді күтеміз!

Эдуард ЭДОКОВ, «Тәуелсіз автокөлік одағының» төрағасы:

- Қазақстанда 170 мыңнан астам шетелдік нөмірі бар көлік жүргізушілері бар. 170 мың дегені тек тіркелгендердің саны, ал қалып қойғандарының қанша екендігі беймәлім. Басқа мемлекеттердің кедендік одағында тіркелген олардың темір тұлпарлары заңға қарама-қайшы деп танылады. Сондай-ақ, Қазақстанға әкелінген көліктердің көпшілігі – рулі оң жақта орналасқандар. Ал 2007 жылдан бастап оларды елімізде тіркеу мүмкін емес. Мұндай көлікті тіркеу үшін әбiгерге түсудің қажеті жоқ. Себебі оған кететін шығын көлікті сатып алған ақшадан да асып түсуі мүмкін. Менің ойымша, сырттан әкелінген автокөлікті бөлшектерге бөліп, сатып жіберген тиімдірек болмақ. Бұған көп уақыт кететіні анық, бірақ осылай жасаған барынша шығынның аз болуына септігін тигізеді. Ал Қырғызстан мен Арменияға алып барып қайта сату қиынға түседі. Сатылғанның өзінде көлік арзанға бағалануы мүмкін.

Олжас ОҚАС, автожурналист:

- Елімізді еркін кезіп жүрген шетелдік тіркеудегі көліктер заңдастырылатын болды. Дұрыстап түсініп

алыңыздар. Яғни, 2022 жылдың 1 қыркүйегіне дейін Қазақстан территориясына кіргізілген автокөліктерге ғана бір реттік жеңілдік жасалды. Президенттің бұйрығы бойынша заңдастыру аясында алғашқы тіркеу мен утилизация алымы 250 мың теңгеден аспау керек. Қосымша ақпарат: Аталмыш науқан криминалсыз, іздеуде болмаған, кедендік тазартудан өткен автокөліктерге ғана қатысты. Әзірге бұл ұсыныс ретінде жарияланды. Билік өкілдері әрекетке кіріскен жоқ. Қазақстанда көлік тіркеу бойынша ережені де ешкім жоққа шығармаған. Ол не деген сөз? Оң рульді автокөліктер, экологиялық класы еуро-4-тен төмен көліктер тіркеуге алынбайды деген сөз. Қазақстан ЕАЭО мүшесі екенін де ұмытпайық. Грузиядан әкелінген ескі көлікті арзанға тіркеу мүмкін емес. Жалған құжаттармен жүрген автокөліктер қудаланып, көшені тазарту процесі басталады деген сөз. Ресейден келген росучет та Президент айтқан жеңілдік бойынша өтпейді. Ақыр аяғында бұл акция кімге арналған дейсіз ғой? Ертеректе сары нөмір алған кісілердің көліктері тап-таза болып шығады.

Азамат ШАҒМАРДАНОВ, көлік жүргізушісі:

- Шетелдік нөмір таққан көліктердің мәселесіне әлі нүкте қойылмады. Жыл бұрын аталмыш мәселе Үкіметте талқыланып, соңында шетелдік нөмір таққан жүргізушілерден мемлекеттік тіркеуге тұруын талап еткен болатын. Бірақ, тіркеу құны халықтың қалтасына салмақ түсірген жайы бар. Ал, жауапты орган бұл мәселені қайта қарап, тек Армениядан әкелінген көлік құралдарын тіркеу құқығының мерзімін 2023 жылдың 1 наурызына дейін ұзартты. Ал, мұның көрші Ресей мен Қырғыз елінен кіргізілген көліктерге қатысы болмады. Өзім осыдан бірнеше жыл бұрын темір тұлпарымды қырғыз елінен әкелген болатынмын. Шыны керек, шетел нөмірін таққан автокөлік иелерін жол полиция қызметкерлері бақылауға алып, жиі құжаттарын тексеріп тұрады. Бұл да керек шығар. Десе де, барлық шетелдік көліктер заң бұзушылыққа барып жатқан жоқ. Енді бұл мәселе өз шешімін табады деп үміттенеміз. Президенттің Жолдауда айтқан ұсынысын бірауыздан қолдаймын.

АРХИВ ҚҰЖАТТАРЫ БОЙЫНША

Барлық қалалар мен елді мекендердің тарихы олардың іргетасынан, олардың аумағында алғашқы адамдар пайда болған кезден, сондай-ақ осы аумақта кәсіпорындардың іргетасы қаланған кезден басталады.

Тайынша қаласының аумағында сонау ертеде, дәлірек айтсақ, 1931 жылы Таинчинская машина-трактор шеберханасы ұйымдастырылды, ол Ремзауыттар республикалық трестіне бағынды.

Архив құжаттары бойынша 1941 жылы Красноармейск аудандық қаржы бөлімінің мәліметтері бойынша 24 адам болса, 1942 жылы 31 адам жұмыс істеген.

Қаз КСР Ауыл шаруашылығы халық комиссариатының 1942 жылғы 22 қыркүйегінің № 607 бұйрығы негізінде Таинчинский механикалық зауыты болып белгіленген. Өкінішке орай, шеберхананың механикалық зауытқа өзгертілуі туралы бұйрық табылған жоқ.

1943 жылы Қаз КСР Ауыл шаруашылығы Ремтрест халық комиссариаты Таинчинский механикалық зауытының (құжатта солай) штаты 17 адамнан тұрды, ол 1944 жылы да өзгеріссіз қалды.

Ауыл шаруашылығы халық комиссариатының бұйрығымен 1944 жылдың 30 қазанында Таинчинский механикалық зауытының жұмысшылары мен қызметкерлеріне қызмет көрсететін қосалқы шаруашылық құрылып, онда 3 адам жұмыс істеді.

1945 жылы Таинчинский механикалық зауыты жөндеу-механикалық зауыты атына өзгертіледі, бағыныштылығы сол күйі – Қаз КСР ауыл шаруашылығы халық комиссариатының ремтрестінде қалады, штат кестесіне сәйкес 21 адам бар.

1946 жылы министрліктердің құрылуына байланысты Таинчинский жөндеу-механикалық зауыты, тиісінше, Қаз КСР ауыл шаруашылығы министрлігінің Ремтрест жүйесіне енгізілген.

1952 жылы Таинчинский жөндеу-механикалық зауыты Таинчинский жөндеу зауыты болып өзгертілді.

Республикалық реммехзауыт трестінің және Қаз КСР АШМ-нің 1951 жылғы 24 наурыздағы № 75 бұйрығымен, КСРО Министрлер Кеңесінің 1947 жылғы 9 маусымдағы № 2003 қаулысына және КСРО Ауыл шаруашылығы министрлігінің 1947 жылдың 18 маусымдағы № 532 «Үлгі мемлекеттер туралы» атты бұйрығына, Таинчинский ремзауыттың өңдеу-программасының арттырылуына байланысты, Таинчинский ремзауытты, үлгі штаты бойынша, бірінші категориядан екінші категорияға ауыстыруды шешті.

1955 жылы наурызда зауыт Ауыл шаруашылығы министрлігінің құзырынан Қаз КСР Экономика министрлігінің Кәсіпорындарды реформалау басқармасына ауыстырылды.

1957 жылдың 1 сәуірінде жұмысшылар саны 300 адамға жетті. Архив құжаттары бойынша 1959 жылдың штат кестесіне сәйкес Солтүстік Қазақстан шаруашылық кеңесі машина жасау басқармасының жөндеу зауыты болып табылды. 1961 жылы штат кестесіне сәйкес Целинный совнархозының машина жасау бөлімінің Таинчинский қосалқы бөлшектер зауыты тізімге алынған.

Целинный шаруашылық кеңесінің машина жасау бөлімі бастығының 22.07.61 жылғы № 143 бұйрығымен Таинчинский қосалқы бөлшектер зауыты «Крайцелинсельхозтехника»-ның құзырына берілді.

1962 жылы «Крайцелинсельхозтехника» өлкелік бірлестігінің тапсырысы негізінде Целиноград қаласы – Таинчинский қосалқы бөлшектер зауыты өндіріс түрі бойынша шағын, ал өнімнің күрделілігі бойынша кешенді зауытқа жатқызылды.

1964 жылдың шілдесінде зауыт «Крайцелинсельхозтехника» бірлестігінің Таинчинский мотор жөндеу зауыты болып өзгертілді.

1965 жылы Таинчинский мотор жөндеу зауыты «Казсельхозтехника» республикалық өндірістік трестінің Целиноград өнеркәсіптік тресіне берілді. Ал жөндеу кәсіпорындары КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы өнертабыстар мен ашылулар комитетінің 1966 жылғы 24 қазандағы № 42 шешімімен зауыт шығаратын өнімге тауар белгісі бекітілді. Жас жұмысшылармен оқу үрдісін ұйымдастыру және жұмысшылардың біліктілігін арттыру мақсатында оқу-әдістемелік кеңес ұйымдастырылып, онда жас жұмысшыларды оқыту және тәрбиелеу жоспарлары мен біліктілігін арттыру жоспарлары құрылды, өндірістік тәжірибеге басшылық жасау ұйымдастырылды.

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы бойынша көптеген іссапарлар жүзеге асырылды. Мысалы, 1992 жылы Мәскеу облысы Балашиха қаласындағы жөндеу зауытының қызметкерлеріне техникалық құрал-жабдықтарды өндіру технологиясын зерттеу мақсатында автокрандарды шығаратын бас зауытқа іссапарлар жасалды. Сондай-ақ, біз Макушинский жөндеу-механикалық зауыты, Макушино қаласы, Қорған облысы, жетілдірілген ағаш кесу механизмінің сызбаларын сатып алып, ара жақтауын орнату және реттеу және ағаш диірменін сынау тәжірибесін үйрендік.

Зауыт үшін қиын кезеңде акционерлік қоғамдардың құрылтайшылары 1994 жылы 19 наурызда «Володаровский ЖМЗ», «Келлеровский ЖМЗ», «Краснополянский ЖМЗ», «Көкшетауагрореммаш», «Летовочный ЖМЗ», «Темір», «Щучинскрагореммаш», «Яснополянский ЖМЗ» акционерлік қоғамдары негізінде «Көкшетауагрореммаш» агроинженерлік және агросервис акционерлік қоғамдарының қауымдастығын құрылсын деген шешім қабылдады. «Көкшетауагрореммаш» бірлестігі дербес балансы бар және Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Жарғысының негізінде әрекет ететін заңды тұлға болды. «Көкшетауагрореммаш» қауымдастығының орналасқан жері – Көкшетау қаласы. Қауымдастыққа кіретін акционерлік қоғамдар өздерінің экономикалық дербестіктерін және заңды тұлға құқықтарын сақтап қалды.

1999 жылғы 6 сәуірде бірлескен қызмет туралы келісімге сәйкес 22.02.99 ж. «Көкшетауагрореммаш» ААҚ №7 цехының базасында ұн тарту өндірісін ұйымдастыру бойынша диірмен кешенінің учаскесі құрылды.

Солтүстік Қазақстан облыстық сотының шаруашылық істері жөніндегі алқасының 1999 жылғы 18 мамырдағы № Р\443н шешімімен Қазақстан Республикасының «Банкроттық туралы» Заңына сәйкес «Көкшетауагрореммаш» АҚ банкрот деп танылды. Кәсіпорынды тарату жөніндегі комиссия құрылды. Бұл шешім бір мезгілде «Көкшетауагрореммаш» ААҚ-ны тарату туралы шешім болып табылады. Солтүстік Қазақстан облыстық сотының шаруашылық істері жөніндегі алқасының 1999 жылғы 18 мамырдағы №П\443н шешіміне байланысты «Банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес «Көкшетауагрореммаш» ААҚ банкрот деп танылды. Зауыт аумағында «Сайман», «Жөндеуші», «Ритуал» атты үш ЖШС құрылды.

Нестерова Анна Александровна, мұрағатшы.

АРҚАНЫҢ АҚЫН-САЗГЕР ТЫНЫШТЫҒЫ



әнімен қатысып, лауреат атанды. Кейін де бұл ән талай додада жүлдеге ие болды.

Шығармашылық биіктен көрінген сәті аз емес. Оның бәрін толайым қамтып айту да міндет болмаса керек. Сазгердің әнін тыңдаған жұрт қашанда жоғары баға беретіні даусыз. Тыныштық ағамыз айтыскер ақын ретінде де танылған. Облыстық, республикалық айтыстарда жүлдегер атанды. Тағы бір айта кететін дүние, Айсары ауылында 1989 жылы «Қарлығаш» өнер мектебін ашып, бір шоғыр жастарды тәрбиелеп өсірді. Осы өнер мектебінде Тыныштық ағамыздың тәрбиесін көрген айтыскер ақын Арман Бердалиев ұстазы жайлы кеңінен толғап айтып берді. Концерттік бағдарлама «Ақаным Ақжігітім» әнімен басталды. К.Күмісбеков атындағы қазақ халық аспаптар оркестрінің сүйемелдеуімен ұлттық өнердің жарық жұлдызына арналған кейінгі рухани інісінің жан жүрегін жарып шыққан әдемі ән тыңдаған жанның жүрегін баурап, әдемі әлемге жетелеп бара жатқандай. Белгілі әнші Эльмира Нысанбаева «Көкшем менің» келістіріп орындап берді. Мәдениет қайраткері Жанат Есовтың әнін бас дирижер Жанат Рашид сүйемелдеді. Бұл жолы көрерменге қауаныш сыйлаған әннің тақырыбы «Мөлдір сезім». Адам жанындағы тілмен сипаттауға келмейтін ғажайып бір сыр. Ал, «Ауылым Алқатерегім» әні қазақ ауылының қасиетін, туған жердің қаншалықты ыстық екендігін жеткізіп, бағзы бір кезеңдегі балауса күйге түсіретін шоқтығы биік шығарма. Әркім өзінің өсіп-өнген өңірін есіне алып отырғандай. Жас өнерпаздар Саида Сағди мен Әйгерім Дәулетханның шығармашылық шеберлігі де әнсүйер қауымның көңілінен шықты. Кешті жүргізуші белгілі дәстүрлі әнші Сәрсенбай Хасенов өмірі өзектес, өнері арналас Тыныштық ағасы туралы тебірене сөз сөйлеп, «Бір сен едің», «Аққұдық әні» деп аталатын шығармаларын нәшіне келтіре орындады. Махаббат тақырыбы да қай өнерпаздың болмасын мәңгілік жырлар әлемі. Сазгердің «Махаббат вальсі» әнін Жанар Сақтағанова әдемі жеткізді. Тыныштық ағамыздың шығармашылық тақырыбы жалғыз ән-жырдың алтын бесігі атанған Көкшетау ғана емес, Алаштың бар даласы. Осы сөзіміздің бір куәсіндей болған жайды айта кеткен парыз. Белгілі ақын Серік Жетпісқалиевтың сөзіне жазылған «Атырау» әнін көп көңілінен шығып жүрген Серікболсын Баймолдин тамаша орындап берді.

Таяуда Үкілі Ыбырай атындағы Ақмола облыстық филармониясында тыңдаған жанның жүрегін баурайтын сұлу сазды әнімен, ақ алмастай жарқылдаған жырымен аты шыққан ақын-сазгер Тыныштық Шаменовтың туғанына 80 жыл толуына орай, шырайлы шығармасын насихаттаған, рухани әлемімізге жып-жылы ағыс болып құйылған мол дүниесінің тылсым сырларын ашқан тұғырлы тұлғаның бар бедерлі болмысын, табиғат сыйлаған тамаша талантын еске салған әсерлі кеш өткізілді.

Алдымен соңғы жылдары өлкедегі өнер жылнамасын тірнектеп жинап жүрген айтулы әнші Сәрсенбай Хасенов ағамыздың көзі тірісінде туған халқына сыйлаған мол мұрасын терең қамтып, айтып өтті. Сахна төріндегі экраннан Тыныштық ағаның ел билетін еңселі бейнесі көрінді. Қолында жан серігі – домбыра. Көңіл толқынын теңіздің ақбас толқындарындай сапыратын, кең даланы еркін кезген жезкиіктей жосылған ән. Көзіңе оттай басылады екен. Бейнесі ғана емес, көзі тірісіндегі жан-дүниесінің мөлдірлігі. Сол мөлдірлік әнге айналған. Мәңгілік шырқалар, ұлтымен бірге жасасар ұлағат тұнған қоңыр үн.

Тыныштық аға ұлы өнерді өзіне серік ете білді. Көненің көп дүниесін шашау шығармай, жүрек жылуымен қымтап, кейінгі ұрпағына табыс етті. Бүгін есептеп қарасаңыз, жүзден астам ән шығарған екен. Әндерінің көбі туған жерді қадірлей білуге, сүйе білуге жетелейтін, өскелең ұрпаққа тәлімді тәрбие беретін патриоттық әндер. Көгілдір Көкшенің баурайындағы Алаштың ақ бесігі – ауыл тақырыбына арнаған шығармалары да жетерлік. Ол шығармалардың басым көпшілігі сол өңірде кіндік қаны тамған жақсы мен жайсаңның әнұранына айналған. 1942 жылы Біржан сал ауданына қарасты Мәтен ауылында дүниеге келген Тыныштық аға Ақмола ауыл шаруашылығы институтында білім алған. Ресейдегі Ваганов әскери училищесін үздік бітірген. 1987 жылы «Әке толғауы» әнімен Бүкілодақтық композиторлар фестиваліне қатысып, дипломант атанған. 1988 жылы республикалық ән додасына қатысып, «Ертіске» деп аталатын әнімен бірінші орынды иеленген. 1991 жылы белгілі әнші Ербол Шәкеев Санкт-Петербург қаласында өткен «Шлягер-91» деп аталатын дүбірлі додаға Тыныштық ағамыздың «Сол бір кеш» деп аталатын

Сөз соңында «Ақмола вальсін» орындаған Аягөз Қалмағамбетованы, «Көкшетау әнін шырқаған мәдениет саласының үздігі Сәкен Біржановты, «Айсары әуені» әнін нәшіне келтіре орындаған мәдениет қайраткері Гүлжан Ахметованы атай кету орынды болмақ.

Кеш соңында белгілі әнші-композитор, ақын Иран сал Тасқара, ұлттық өнердің жанашыры Мұрат қажы Ыдырысов, осы кештің өтуіне барынша қолдау көрсеткен облыстық мәдениет басқармасының басшысы Айгүл Сәбитова жұрт жадында жатталып қалатын жақсы аға туралы жарасымды лебіздерін білдірді.

Байқал БАЙӘДІЛОВ, журналист

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Тайынша ауданы орталығындағы «Ветеринарлық станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорының негізгі қызметі- Тайынша ауданының аумағында ветеринариялық-санитариялық жағдайды қамтамасыз ету болып табылады.

Жалпы ветеринарияның функционалдық міндеті- белгіленген тәртіпте ветеринарлық тіркеу, талдау, сараптама, жинақ жүргізуді жүзеге асыру. Ауылшаруашылық саласында малдарды сәйкестендіру бойынша шараларды өткізуін ұйымдастырады. Қажет болса, Ветеринария мәселесі бойынша тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын ұйымдастырады және жүргізеді. Көбінесе аймақтағы малдардың жұқпалы және жұқпалы емес аурулары бойынша індеттік жағдайды бақылауда ұстайды.

Тоқужинов Марат Мерғасимұлы - өз ісінің маманы, күнделікті еңбек барысында асқан жауапкершілік танытып, ветеринария саласының қыры мен сырына әбден қаныққан маман. Жалпы осы ветеринария саласының экономикалық, биологиялық және медициналық санитариялық маңызы да жоғары екенін біздің кейіпкеріміз жақсы біледі. Осы салада 35 жылға жуық еңбек атқарып келе жатқан білікті басшы- еңбек десе ерінбейді, жүрген ортасында абыройлы, қоғамдық жұмыстарға да белсене араласады. Міне, осынау еңбектің нәтижесі бүгінгі таңда бағаланып, М.М.Тоқужинов мырза ІІ-дәрижелі «Еңбек даңқы» төс белгісімен марапатталды. Қоғамға өте қажетті, асқан жауапкершілікті талап ететін осы мамандық иесіне айтарымыз: еңбек жолында, жақсы көсеткіштерге жетіп, биік белестерден көріне беріңіз!

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ.

Жұмыс берушілер үшін «Ашық есік күні»

2022 жылдың 29 қыркүйегінде 11:00-де «БЖЗҚ» АҚ онлайн форматта «Ашық есік күні» өткізеді. Іс-шараның тақырыбы «ЕАЭО-ға қатысушы елдердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісім. Міндетті зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агенттер – жұмыс берушілер үшін Қордың электрондық сервистерін дамыту». Іс-шараға қатысу үшін тіркелу қажет:

- мобильді құрылғы арқылы Webex Meet қосымшасын орнату қажет;
- дербес компьютер арқылы <https://enpf.webex.com> сайтқа өтіңіз.

Event-кеңестің нөмірі: 2512 813 4028
Event-кеңестің паролі: SKOF

Қыркүйектің 14-і «Тайынша агробизнес колледжі» КММ кітапханашысы Якимова А.А. кітапханасында «Оқуға құштар колледж» тұжырымдамасын жүзеге асыру аясында «Кітапхана-табыс аумағы» атты ашық есік күнін өткізді. Колледждің жастар ісі жөніндегі комитеті іс-шараға шақыру қағаздарын таратуды ұйымдастырды. Шарада барлық қатысушылар кітапханамен, оның тарихымен танысты. «Жаңа кітаптар» әдебиетіне шолу жасалып, әрбір келуші жаңа кітаптарға мөр басуға атсалысты. Оқу залында келушілер колледж мұражайына «саяхат» жасап, барлығына «Оқы!» тізімі берілді. және «Кітап оқуым керек пе?» кітапшасы, мерзімді басылымдар әлемі кітапханасы жазылатын мерзімді басылымдарға шолу жасалды. Барлығы «Әдебиет білгірлері» викторинасына қатысып, дұрыс жауаптары үшін сыйлықтарға ие болды. Іс-шараның соңында барлық қатысушылар «Мен кітапты жақсы көремін» фотосессиясына шақырылды.

«Тайынша таңы» газетінің өз ақпараты.

МЕН КІТАПТЫ ЖАҚСЫ КӨРЕМІН



* Орақ – 2022

ЕРІНБЕЙ ЕҢБЕК ЕТКЕННІҢ ЕҢСЕСІ ҚАШАНДА БИІК БОЛАДЫ



Баптап өсірген бидайды соңғы дәніне дейін жинап алу – күзгі жұмыстың ең маңызды бөлігі. Мұны терең түсінетін даламайталмандары астықты алқапта толассыз еңбек етіп, күрең күздің жылт еткен шуағын тиімді пайдалану үшін тапжылмай тер төгуде. Егін жинау науқанының оңтайлы уақытта аяқталуына ұйымдастырушылық деңгейінің жоғары болуы, материалдық-техникалық жабдықтау мәселесінің дер кезінде шешілуі және жоғары түсімді егін жинау техникасын қолдану мол әсер етеді.

Тайынша ауданы ежелден астықты, жері құнарлы, жылда егіс алқаптарынан мол өнім алып, егіншіліктің қыр-сырына әбден қаныққан өңірлердің бірі. Осы ауданымыздың жауапкершіліктері шектеулі серіктестіктері мен ауыл шаруашылығы құрылымдары бар күш-қуатымен биылғы егін орағын аяқтауға жақын. Орақ науқаны басталғанға дейін қажетті пішіндеме дайындалып, шөп шабу науқаны ойдағыдай өз мәресіне жетсе, бүгінгі таңда егін орылуда, жалпы алғанда шығымы жылдағыдан аз болса да сапасы жаман емес. Міне, аудан көлеміндегі ірі шаруашылықтардың бірі-Талғатбек Тоқтыбаев мырза басшылық жасап отырған «Ильич - Тайынша» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Шаруашылықта, әсіресе, орақ науқаны кезінде жұмысшыларға барлық жағдай жасалған. Шаруашылықта техника жөндеу цехтары, асхана, дем алатын орындар бар. Бұл өңір аудан орталығынан шалғайда орналасқан. Соңғы 3-4 жылда ауыл-аймақта жағдай жақсарған. Халықтың жалпы жағдайы жақсы. Қарамағындағы жұмысшылар ғана емес, елдегі қариялар мен ел азаматтарының қазіргі басшыға деген алғыстары шексіз. Халықтың жағдайын жасап, елім дейтін азаматтар көп болса, әрине, ауылдық елді мекендер ешқашан құрымайды, дәнге толы даламыз, шынымен де иесіз, қараусыз қалмайды.

Қазір дала төсінде жұмыс қызған шақ. «Егіннің жайын екен біледі» демекші, одан арғы әңгімені диқанның өз аузынан естідік:

- Жақсы жерге егін де бітік шығады. Ондай жерде өнген егіннің шығымы да жақсы болады. Сосын арамшөпті дер

кезінде ұлап, отап отырмаса, қаулап өсіп, бой бермей кетеді. Көп шаруа осыдан жапа шегеді. Сондықтан, зиянкестерге қарсы гербицидтер, интексидтер қолданбаса құнарлы жердің өзінен мол өнім алу мүмкін емес.

- Жақсы өнім алудың сыры неде? Әрине, ең бірінші жердің құнарлығында. Екіншіден, тұқым сапалы болуы керек. Үшіншіден, технологияға мән берген дұрыс. Қалай болғанда да жерді жырту керек. Жер жырылса, ылғал тез сіңеді. Жердің қыртысына ауа барады. Жалғыз мен емес, көбісі содан жапа шекті. Ылғалы мол жерге тұқым салғаннан кейін қаулап өседі. Бидайдың сабағы қылтиып шыққанша, 5-6 процент ылғалды қорек етеді. Ол өсіп, түптене бастағанда бір бидайдан бес-алты түп шығады. Оған әлбетте ылғал керек. Осы түптене кезінде бір түйір жаңбыр жаумаса, бәрі құриды. Жаңағы бес-алты түптен бір немесе екі масақ қана қалады. Қалғаны құрайды. Бір масақта отыз бес-қырыққа дейін дән толысады. Өзіңіз есептей беріңіз. Егіннің молдығы осыдан. «Баптай білсең, жер жомарт». Мұны халқымыз бекер айтпаған, жерді міндетті түрде баптау керек. Жер біздің Анамыз. Оны мәпелеп, күту керек. Қазір көбісі күзде егін орып алғасын, жермен жұмысы болмайды. Бұл дұрыс емес. Күзде егін орып болғасын



сосын бидай себесің. Егер маусым айының бірінен асырып жіберсең, онда ылғал жетпей қалады да бидайдың түптенуіне әсер етеді. Былайғы жұртқа білінбейді ғой, мұны жермен тікелей айналысатын шаруа адамы ғана түсінеді. Диқан ала жаздай бір дамыл көрмейді. Неге десеңіз, тұқым себе салумен шаруа бітпейді. Оны үнемі қадағалап отыру керек. Әсіресе, арамшөп өте тез шығады.. Мұның егінге тигізер зардабы мол. Зиянкестерді дер кезінде жойып отырмаса, жаз бойғы еткен еңбегіңнен түк пайда жоқ. Сондықтан, арамшөпке қарсы гербицид, интексицит қолданасың,- деп әңгімесін жалғастырып, маман басшы бәрін түсіндіріп берді.

Міне, біздің бүгінгі кейіпкеріміз жан-жақты адам, білікті маман, агроном, экономист, ең бастысы ел мен жердің байланыстыра отырып, жағдайын жасай алатын ауылшаруашылығының кәсіби



алқапқа соқа жібереміз. Тісті соқалар жерді он бес-жиырма сантиметрге дейін қопарады әрі арамшөпті түптамырымен құртып отырады. Жазғытұрым оған қыстай жауған қардың суы, жаңбыр сіңеді. Көктемде міндетті түрде ылғал жабылады. Әйтпесе, жерге сіңген су бу боп ұшып кетеді. Тіпті, бір сағаттың айналасында бәленбай тонна су бұға айналады. Ал жерді тырмалап тастасаң, оның бар ылғалы бой-бойына тарап, егін сепкенше әбден балқып жатады. Тұқым себудің өз мерзімі бар. Кәнігі шаруалар мамыр айының он бесі-он жетісінен бастап дән себе бастайды. Ол маусымның біріне дейін ұласады. Одан әріге асыруға болмайды. Әуелі арпа,

маманы. Күз айы Талғатбек Теміржанұлы үшін ерекше жыл мезгілі. Біріншіден, еңбегінің жемісін жинайтын шақ, екіншіден осы күз айында ел ағасының өмірге келген күні. Бірнеше жылды артқа тастап, ерен еңбегімен көпшіліктің алғысына бөленіп жүрген азамат -отбасында ардақты әке, немерелері үшін ақылшы ата, ауданымыздың құрметті азаматына лайық жан- Талғатбек Теміржанұлы Тоқтыбаев мырза деп білеміз. Еңбегіңіз жана берсін. «Елім» деген сіздей азаматтар көп болсын!



Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, «Тайынша таңы»

«СӨЗ ЗЕРГЕРІ – САФУАН».....

Жақсыбай САМРАТ, журналист, қоғам қайраткері.

«Тыныштық, тыныштық» деп жүріп, Тәуелсіздігімізден айырылып қалмайық...». Бұл – еліміздің ең басты ордені «Отанды» тұғыш президент болған Н.Назарбаевтың қолынан алып тұрғандағы жазушы Сафуан Шаймерденовтің сөзі. «Тыныштық керек, тыныштық керек» деп халықты алдарқатып жүрген сол кездегі саясат қайдағы бір халықаралық құрылымдармен қосарланып, еліміздің тәуелсіздігіне біршама сын түсіргенін жасыруға болмайды.

Әсіресе кейбір халықаралық заңдардың ұлттық заңнамадан үстем болуы, ел мүддесін ескермегені де халықты ойландырмай қалмайтын. Осындайларды жазушы өзінің табиғи көрегендігімен бақылаған және соны үлкен марапат алып тұрғанның өзінде Елбасына тікелей айтудан бұғып қалмаған... Мұндайға тек Сафуан Шаймерденовтей дара тұлғалар ғана барары сөзсіз еді. Оның Желтоқсан оқиғасынан кейін жазушылармен кездескенде Г.Колбинге не айтқаны да белгілі. Қазақ жазушыларының көбі бұғып қалғанда тек Жұбан Молдағалиев екеуі ғана қазақтың намысын жықпай, халықтың ашық өкпесін айта алды. Бәлкі бүгінгі күннің «батырлары» ондай сөзді батырлыққа баламас, бірақ сол заманда осыдан артық дүниені айту 1937 жыл болмаса да ызғары соған айналған 1987-де айту мүмкін емес еді... Бұл кезде қазақты жаныштау, жаппай жазалау жүріп жатқан еді ғой. Сондай жағдайдың өзінде ол Колбинге тіке қарап: «Сіздің баяндамаңызда ұлтшылдық туралы көп айтылды, ал шовинизм туралы бір сөз жоқ. Бұл Қазақстанда шовинизм жоқ дегенді білдіре ме? Сіз «жоқ, оны білдірмейді. Қазақстанда шовинизм бар. Біз ол туралы баяндамада ұмытып кетіппіз» деп жауап бердіңіз. Бірақ бұл жердегі сіздің «ұмытшақтығыңызда» қандай да бір заңдылық жатқан жоқ

па? Сіздің «шовинизм туралы ұмытып кетіппіз дегеніңіз не сөз? Бұл деген сіздерде, Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінде ұлтшылдықтың шығуымен күресудің арнайы жоспары бар да, шовинизмнің шығуымен күресетін терең ойластырылған нақты жоспары жоқ. Міне, сіздің жауабыңыздан кейін осындай көңіл көншімейтін, адамды жабырқататын қорытындыға келдім» дегеннің өзін жүрегінің түгі бар адам айта алар еді сол заманда. Белгілі ғалым, қоғам қайраткері Шерияздан Елеуенов Сафекеңді Бұхар жырауға теңеген. Сафекеңнің айтқыштығын тек соған теңеймін дей келіп Ш.Елеуенов былай дейді: «Бұхар жырау аюдай ақырып тұрған Абылай ханның өзіне, оның саясаты ел мүддесінен қиғаштап бара жатқан жағдайда, жасқанбай қарсы келіп жыр нөсерін төгетін. Ақыры Бұқарекен Абылайды дегеніне көндіріп тынатын. Ал марксшіл-лениншілміз, алдыңғы қатарлы теориямен жасақталғанбыз деп бөсетін кеңестік данышпандар Абылай, Бұқар жырау биігінен де табыла алмай сорлады ғой...», дейді ғалым. («Қазағының қарағайы», «ЕҚ», 13.09.12 ж.) Ал бүгінгі де, болашақ ұрпақ та Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Сафуан Шаймерденовті ең алдымен ержүрек, халықтың жоғына жаны күйген шексіз патриот тұлға деп таныры анық. Оның осы істері ұлт үшін жаны күйетін жастың айнымас құбылнамасы. Ал қазақ әдебиеті мен өнеріне олжа салған 30 шақты кітаптың авторы, атақты жазушы, драматург екендігін көзі қарақты оқырманның бәрі біледі.

Қалай мақтасақ та жарасатын сөз зергерінің 100 жылдық мерейтойын атап өтуге осы күндері солтүстікқазақстандықтар қызу дайындық үстінде. Сафаған Қызылжар қаласының Құрметті азаматы, шаһардың қақ ортасында қазақ тілінде білім беретін классикалық гимназия сол кісінің атында. 1994

жылы, айхай дағдарыс жылдарында Қызылжар қаласында алғашқы болып салынатын осы қазақ мектебіне қаражат табылмағанда, сол кездегі облыс әкімі В.Гартманның және «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы Қ.Әбдірахмановтың өтінішімен Сафекең Премьер-министр С.Терещенкоға кіріп, ақша бөлдірткен еді. Өттең, сонда Терещенкоға айтқан сөздері қағаз бетіне түспеген. Ол жерде де Сафекең бұлтартпас дәлелдер айтқан болуы керек... Әйтеуір, соның арқасында аталған гимназияның құрылысы жүріп кеткен еді. Міне, енді жазушының 100 жылдық мерейтойы да қыркүйектің 16-сынан бастап осы оқу орнының қабырғасында басталатын болып отыр. Елорда мен Алматыдан келетін Президент кеңесшісі Бауыржан Омаров бастаған, Жазушылар одағының төрағасы Ұлықбек Есдәулет, Сабыр Қасымов, Ғалым Жайлыбай, Қазыбек Иса, Марфуға Айтхожина, Несіпбек Айтұлы, Нұрлан Өнербай және т.б. қостаған қазақ әдебиеті мен өнерінің айтулы өкілдері, қоғам қайраткерлері қоштаған құрметті делегация осы мектептегі Сафуан Шаймерденовтің мүсініне бас иіп, гүл шоқтарын қояды. Ал «Сөз зергері – Сафуан» атты әдеби кеш облыстың ең үлкен сахнасы – Оқушылар сарайында болып, ол кешіне «Дөкей келе жатыр» деген С.Шаймерденовтің драмасымен С.Мұқанов атындағы қазақ-сазды драма театрының сахнасында жалғасады. Ал ертесіне той мерекесі жазушының туған жері – Жамбыл ауданына барумен жалғасады. Міне, солтүстікқазақстандықтар қазір жақсысын ұлықтау жолында жан таппай дайындалуда.

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық сайлау комиссиясының ҚАУЛЫСЫ
Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының
Большеизюм ауылдық округі әкімінің сайлауын тағайындау туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 113-1 бабына сәйкес Тайынша аудандық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2022 жылғы 16 қазандағы Тайынша ауданында сайлау тағайындалсын:

- Большеизюм ауылдық округі әкімінің;

2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2022 жылғы 16 қазанға тағайындалған Тайынша ауданының Большеизюм ауылдық округі әкімінің сайлауына дайындық және оны өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары бекітілсін.

3. Осы қаулы Тайынша аудандық сайлау комиссиясының интернет-бетінде және аудандық «Тайынша таңы», «Тайыншинские вести» газеттерінде жариялансын.

Аудандық сайлау комиссиясының төрайымы **К. Еслямова**

Тайынша қаласы 2022 жылғы 16 қыркүйек № 53/02

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық сайлау комиссиясының ҚАУЛЫСЫ
Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының
Большеизюм ауылдық округі әкімінің сайлауы бойынша
сайлау округін құру туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 14 бабы 6) тармақшасы, 21 бабы 4 тармағы, 22 бабына сәйкес Тайынша аудандық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Тайынша ауданының ауылдық округі әкімінің сайлауы бойынша сайлау округі құрылсын:

1) Большеизюм ауылдық округі әкімінің – Большеизюм ауылдық округі шекарасында Большеизюм сайлау округі;

2. Аудандық сайлау комиссиясының орналасуының мекенжайы және оның шекарасының көрсетілуімен сайлау округ туралы ақпарат Тайынша аудандық сайлау комиссиясының интернет-парақшасында және аудандық «Тайынша таңы», «Тайыншинские вести» газеттерінде жариялансын.

Аудандық сайлау комиссиясының төрайымы **К. Еслямова**

Тайынша қаласы 2022 жылы 16 қыркүйек № 53/01

Сайлау округ және оның шекаралары туралы
ХАБАРЛАМА

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 22-бабына сәйкес Тайынша аудандық сайлау комиссиясы Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Большеизюм ауылдық округінің әкімін сайлауы бойынша шекараларын көрсете отырып, сайлау округінің тізімдері туралы хабарлайды:

№ п/п	Ауылдық округінің атауы	Сайлау округі	Сайлау округі шекарасының сипаттамасы
Тайынша ауданы			
1	Большеизюм	Большеизюм	Большой Изюм а., Северное а., Октябрьское а., Ново-Приречное а.

Тайынша аудандық сайлау комиссиясының төрайымы **К. Еслямова**

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы аудандық сайлау комиссиясының құрамы мен орналасқан жері туралы
ХАБАРЛАМА

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 13 бабы 4 тармағына сәйкес Тайынша аудандық сайлау комиссиясы Тайынша ауданы аудандық сайлау комиссиялардың құрамдарын және оның орналасқан жерлерін хабарлайды

№ р/с	Аумақтық сайлау комиссияның орналасқан жері	Телефондар, факс	Аудандық сайлау комиссияның құрамы
Тайынша аудандық сайлау комиссиясы			
1	151000, Тайынша қ., Қазақстан Конституциясы қ., 197 «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімі аппаратының» КММ ғимараты	Код 8(71536); тел./факс 2-13-26	Төрайым – Еслямова Күлпаш Қалиқызы; төрайымның орынбасары – Кочелавова Светлана Витальевна; хатшы - Биньковская Виктория Викторовна; Комиссия мүшелері: Айдарханова Айсулу Орынбасарқызы, Фабулина Марьяш Токтарқызы, Иванова Ольга Федоровна, Сағандықов Руслан Ермуханбетұлы

Учаскелік сайлау комиссиялардың құрамдары және орналасқан жерлері, сайлау учаскелерінің шекаралары туралы
ХАБАРЛАМА

№ р/с	Сайлау учаскесінің нөмері	Учаскелік сайлау комиссияның орналасқан жері	Сайлау учаскесінің шекарасын сипаттау	Учаскелік сайлау комиссияның құрамы
Тайынша ауданы				
1	№ 420	Большой Изюм а., Октябрь к., 88 орта мектеп ғимараты	Большой Изюм а., Северное а., Октябрьское а.	Төраға – Высоцкий Александр Каземирович; төрайымның орынбасары – Бердюженко Екатерина Валерьевна; Комиссия хатшысы – Дмитриева Татьяна Викторовна; Комиссия мүшелері: Загородняя Мария Михайловна, Лакомкина Ольга Григорьевна, Нурушова Копей Абдуғалиқызы, Сатанбекова Жанар Есемсейітқызы
2	№ 421	Ново-Приречное а., Школьный тұяқ, 6 негізгі мектеп ғимараты	Ново-Приречное а.	Төрайым – Гизеева Гүлмира Олжабайқызы; төрайымның орынбасары – Загоруйко Людмила Петровна; Комиссия хатшысы – Оралова Сымбат Болтайқызы; Комиссия мүшелері: Лазоренко Надежда Григорьевна, Прокопенко Валентина Владимировна

Тайынша аудандық сайлау комиссиясының төрайымы К. Еслямова

Тайынша аудандық сайлау комиссиясының 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 53/02 қаулысына қосымша

2022 жылдың 16 қазанына тағайындалған Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Большеизюм ауылдық округ әкімінің сайлауды әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАРЫ

1. Большеизюм ауылдық округті әкімінің (бұдан әрі – әкімдерді) сайлауды тағайындау Тайынша аудандық сайлау комиссиясы 2022 жылғы 16 қыркүйек (113-1-б. 2, 3-т.)

2. Сайлау округтерінің тізімін, олардың шекаралары мен аудандық сайлау комиссиясының орналасқан жерлерін көрсете отырып, тиісті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау Тайынша аудандық сайлау комиссиясы Сайлау тағайындалғаннан кейін он күннен кешіктірмей 2022 жылғы 26 қыркүйектен кешіктірмей (22-б.)

3. Аудандық сайлау комиссиясының құрамын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау Тайынша аудандық сайлау комиссиясы Сайлау тағайындалғаннан кейін он күннен кешіктірмей 2022 жылғы 26 қыркүйектен кешіктірмей (13-б. 4-т.)

4. Учаскелік сайлау комиссияларының құрамын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау Тайынша аудандық сайлау комиссиясы Сайлау тағайындалғаннан кейін он бес күннен кешіктірмей 2022 жылғы 1 қазаннан кешіктірмей (17-б. 2-т.)

5. Сайлау учаскелерінің шекаралары туралы мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау Тайынша ауданының әкімі Сайлау тағайындалғаннан кейін он бес күндік мерзімде 2022 жылғы 1 қазаннан кешіктірмей (23-б. 5-т.)

6. Әкімдікке кандидаттар ұсыну Белгіленген тәртіппен тіркелген саяси партиялар және өзін-өзі ұсыну тәртібімен азаматтар Егер сайлауды тағайындау кезінде өзгеше белгіленбесе, сайлау тағайындалған күннен кейінгі күннен басталады және сайлау өткізілетін күнге он бес күн қалғанда жергілікті уақытпен сағат он сегізде аяқталады 2022 жылғы 17 қыркүйекте басталады және 30 қыркүйекте жергілікті уақыт бойынша сағат он сегізде аяқталады (113-3-б. 1-т.)

7. Әкімдікке кандидаттардың «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында (бұдан әрі – Сайлау туралы Конституциялық Заң), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабында және мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамада қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтау Тайынша аудандық сайлау комиссиясы (4-б., 113-5-б., 11-т. 2-т.)

8. Әкімдікке кандидаттардың сенім білдірген адамдарын тіркеу және оларға тиісті куәліктер беру Тайынша аудандық сайлау комиссиясы Әкімдікке кандидаттың Сайлау туралы Конституциялық заңда көзделген талаптарға сәйкестігі анықталған күннен бастап (14-б. 8-1) т., 31-б.)

9. Әкімдікке кандидаттарға өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынылған, қолдап қол жинау үшін қол қою парақтарын беру Тайынша аудандық сайлау комиссиясы Кандидаттың Конституциялық заңда, Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабында және мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамада көзделген талаптарға сәйкестігін тексергеннен кейін үш күндік мерзімде (113-4-б.)

10. Әкімдікке кандидаттардың қолдап жиналған қолдардың дұрыстығын тексеру және тиісті хаттаманы ресімдеу Тайынша аудандық сайлау комиссиясы паспорт қызметтерінің қызметкерлерін тарта отырып Қол қою парақтары аудандық сайлау комиссиясына тапсырылғаннан кейін үш күндік мерзімде (113-4-б. 7-т.)

11. Жергілікті атқарушы органдардың шотына республикалық бюджет туралы заңда белгіленетін және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын ең төменгі жалақының бір еселенген мөлшерінде сайлау жарнасын енгізу Әкімдікке кандидаттар, саяси партиялар (әрбір ұсынылған кандидат үшін) Кандидат тіркелгенге дейін (113-5-б. 2-т.)

12. Тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кіріс органдарына ұсыну мерзімі басталған айдың бірінші күніне активтер мен міндеттемелер туралы декларацияларды ұсыну (2022 жылдың 1 қыркүйекке) Кандидат пен оның жұбайы (зайыбы) Кандидат тіркелгенге дейін (113-5-б. 3-т.)

13. Кандидат және оның жұбайы (зайыбы) декларациялаған активтер мен міндеттемелер туралы мәліметтердің дұрыстығын тексеру Мемлекеттік кіріс органдары Кандидат тіркелген күннен бастап бес күн ішінде (113-5-б. 4-т.)

14. Әкімдікке кандидаттарды тіркеу және оларға тиісті куәліктер беру Тайынша аудандық сайлау комиссиясы Барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін басталады және сайлау күнінен он күн бұрын жергілікті уақытпен сағат он сегізде аяқталады 2022 жылғы 17 қыркүйекте басталып, 2022 жылғы 5 қазанда сағат он сегізде аяқталады (113-5-б.)

15. Әкімдікке кандидаттарды тіркеу туралы хабарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау Тайынша аудандық сайлау комиссиясы Кандидаттар тіркелгеннен кейін бесінші күннен кешіктірмей (113-5-б. 9-т.)

16. Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу және оларды жарақтандыру Тайынша ауданының әкімі және Тайынша аудандық сайлау комиссиясы Үгіт басталғанға дейін (28-б. 6-т.)

17. Сайлау алдындағы үгітті жүргізу Кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталған сәттен басталады және сайлау болатын күннің алдындағы күнгі жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады 2022 жылғы 5 қазанда, жергілікті уақыт бойынша 18 сағаттан бастап және 2022 жылғы 15 қазанда нөл сағатта аяқталады (27-б. 2-т.)

18. Әкімдікке кандидаттарға сайлаушылармен кездесулері үшін үй-жайлар беру, кандидаттар мен олардың сенім білдірген адамдарының белгіленген үй-жайларда сайлаушылармен кездесу кестесін жасау және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау Тайынша ауданының әкімі және Тайынша аудандық сайлау комиссиясы Сайлау алдындағы үгітті жүргізу кезеңінде (28-б. 4-т.)

19. Әрбір сайлау учаскесі бойынша әкім қол қойған сайлаушылардың тізімдерін сайлау комиссиясына акт бойынша ұсыну Тайынша ауданының әкімі Дауыс беру басталардан жиырма күн бұрын 2022 жылғы 25 қыркүйек (24-б. 5-т.)

20. Сайлау учаскелері бойынша сайлаушылардың тізімдерін танысу үшін сайлаушыларға ұсыну Учаскелік сайлау комиссиялары Дауыс беретін күнге он бесқұнқалғанда 2022 жылғы 30 қыркүйек (26-б. 1-т.)

21. Сайлаушыларды дауыс беру күні, уақыты және орны туралы хабардар ету Учаскелік сайлау комиссиялары Дауыс беру өткізілетін күнге дейінгі он күннен кешіктірмей 2022 жылғы 5 қазаннан кешіктірмей (18-б. 5) т., 38-б. 2-т.)

22. Дауыс беруге арналған сайлау бюллетень дерін учаскелік сайлау комиссияларына жеткізу Тайынша аудандық сайлау комиссиясы Ерте дегенде үш күн бұрын және сайлаудан кемінде бір күн бұрын 2022 жылғы 13 қазаннан ерте емес және 2022 жылғы 15 қазаннан кешіктірмей (37-б. 3-т.)

23. Дауыс беруге арналған сайлау учаскелерін ашу және тиісті хаттама жасау Учаскелік сайлау комиссиялары Дауыс берудің басталуына бір сағат қалғанда 2022 жылғы 16 қазан, жергілікті уақыт бойынша сағат 06.00-да (40-б. 1-т.)

24. Дауыс беруді өткізу Учаскелік сайлау комиссиялары Сайлау күні жергілікті уақытпен сағат 07.00-ден 20.00-ға дейін 2022 жылғы 16 қазан, жергілікті уақыт сағат бойынша 07.00-ден 20.00-ға дейін (38-б. 1-т.)

25. Дауыстарды санау және сайлау учаскесінде әкім сайлауы бойынша дауыс беру нәтижелері туралы хаттамалар жасау Учаскелік сайлау комиссиялары Жергілікті уақыт бойынша сағат 20:00-де басталады 2022 жылғы 16 қазан жергілікті уақыт бойынша сағат 20.00-де басталады (18-б. 8) т., 43-б.)

26. Дауыс беру нәтижелері туралы хаттаманың көшірмесін сайлау учаскесінің үй-жайында жалпыхұрттық танысуы үшін арнайы белгіленген орынға ілу Учаскелік сайлау комиссиялары Хаттамаларға қол қойылғаннан кейін – дереу (43-б. 8-т.)

27. Сайлау учаскелерінде дауыс беру нәтижелері туралы хаттамаларды Аққайың аудандық сайлау комиссияларына ұсыну Учаскелік сайлау комиссиялары Хаттамаға қол қойылғаннан кейін – дереу (113-8-б. 1-т.)

28. Әкім сайлауының қорытындыларын белгілеу Тайынша аудандық сайлау комиссиясы Сайлаудан кейін үш күн мерзімнен кешіктірмей 2022 жылғы 19 қазаннан кешіктірмей (113-10-б.)

29. Әкімдерді сайлау қорытындылары туралы хабарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау Тайынша аудандық сайлау комиссиясы Сайлау өткізілген күннен бастап төрт күннен кешіктірмей 2022 жылғы 19 қазаннан кешіктірмей (44-б.)

30. Сайланған әкімдерді тіркеу, тиісті куәліктер беру Тайынша аудандық сайлау комиссиясы Сайлау өткізілген күннен бастап жеті күн мерзімде Сайланған әкімдерден жеті күн мерзім ішінде Конституцияға және Сайлау туралы Конституциялық заңға сәйкес әкім мәртебесімен сыйыспайтын міндеттерді доғаратын туралы жазбаша өтініш алғаннан кейін 2022 жылғы 22 қазаннан кешіктірмей (45-б., 46-б. 3-т, 113-11-б. 1-т.)

Ескертпе: Күнтізбелік жоспардың мәтінінде «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының нормаларына сілтемелер берілді.

ОРМАН – БАСТЫ БАЙЛЫҒЫМЫЗ



Орман шаруашылығы – экономиканың бір саласы. Ормандарды зерттеу; есепке алу; ағаштар мен бұталардың тұқымынан және көшеттерден орман өсіру, орманды жаңартып отыру; орманды күту; сүрек дайындау, оны кесіп, реттеу; питомниктерде көшет өсіру; суландыру; орманды өрттен, зиянкестер мен түрлі аурулардан қорғау; саңырауқұлақ, ағаш шырынын жинау; ағашқа және орман өнімдеріне деген халық шаруашылығына қажеттерін қанағаттандыру мақсатында орманды пайдалану ісін реттеу шараларымен шұғылданады.

Орманды алқаптарда орман қорғау шараларын тиінақты жүргізу үшін орман бірнеше телімдерге бөлінеді де, олардың әрқайсысы бір орманшыға бекітіледі. Орманшының жұмысына техникалық орман қорғау инженері басшылық етеді, бақылайды. Орман қорғау жұмысында өртке қарсы шаралардың мұқият орындалуы бақыланады. Орманды рұқсатсыз кеспеу, ағаш дайындаушылар мен пішен шабушылардың, малшылардың, тағы басқа орман қорын сақтау ережелерін орындауы қадағаланады. Орманда аң аулау, оның маусымдық ережелерін сақтау бақыланады. Сонымен қатар, орманшы-инспекторлар мектептермен тығыз байланыста болып қауіпсіздік ережелерін жас жеткіншектерге айтып, түсіндіреміз. Осы бағытта Қызылжар ауданының «Абакшино» демалыс аймағының аумағында 2022 жылдың 16 қыркүйегінде Солтүстік Қазақстан облысының мектеп орманшылықтарының 11 облыстық слет-конкурсы өткізілді. Слетке облыстың мектеп орманшылығының өкілдері, 7-11 сынып оқушылары қатысты. Әр орман мекемесінен құрамында 4 оқушы бар мектеп орманшылығының бір делегациясы қатысты, барлығы 12 команда қатысты. Слетті өткізудің міндеттері-мектеп орманшылықтары мүшелерінің табиғатты қорғау және орман шаруашылығы сауаттылығын жетілдіру, табиғат-

ты сақтау үшін белсенді азаматтық жауапкершілікті тәрбиелеу, арнайы білімі мен практикалық дағдылары бар оқушыларды анықтау және көтермелеу, мектеп орманшылықтары мүшелерінің шығармашылық, практикалық қызметіне тарту, оқушыларды кәсіптік бағдарлау және өзін-өзі жетілдіру және білім беру органдары мен орман шаруашылығы тарапынан табиғатты қорғау жұмысына бірлесіп басшылық жасауды жақсарту. Осы сайысқа қатысып, 1 орынды – «Орлиногор орман шаруашылығы» КММ мектеп орманшылығының өкілі, Чкалов орта мектебінің «Экос» (Тайынша ауданы) командасы иеленді; **2022 жылғы 2-3 қыркүйек кезеңінде Қостанай облысының аумағында адам өліміне әкеп соққан және бірнеше елді мекендерге үлкен залал келтірген ірі табиғи өрт болды, соның салдарынан жергілікті ауқымдағы төтенше жағдай режимі жарияланды.**

Осыған байланысты, Солтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік орман күзеті өрт пен орман өрттерін болдырмау мақсатында күшейтілген режимде жұмыс атқарды. Осындай фактілерді болдырмау үшін біздің облысымыздың аумағында орманда бола тұра, өрт қауіпсіздігінің қарапайым ережелерін сақтаңыздар:

орманда жанып тұрған сіріңкелерді, темекі тұқылдарын, бықсыған шүберектерді тастамаңыз;

қалың бұталар мен қылқан жапырақты жас өскіндерде, ағаштардың төмен ілулі тәждерінің астында, ағаш, шымтезек қоймаларының жанында, піскен дақылдарға жақын жерде от қоймаңыз;

әсіресе желді ауа райында, отты қараусыз қалдырмаңыз;

тұрақтан шыққаннан кейін от жағуды қалдырмаңыз;

орманда майланған немесе бензинмен, керосинмен немесе өзге де жанғыш заттармен сіңірілген сұрту материалдарын қалдырмаңыз;

қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде машинаның жанармай бағын жанармаймен толтырмаңыз;

күн сәулесімен жарықтандырылған бөтелкелерді немесе айнектің сынықтарын қалдырмаңыз, олар күн сәулелеріне назар аудара отырып, отты линзалар сияқты жұмыс істей алады;

құрғақ шөпті орман алқаптарында, Бақтарда, егістіктерде, ағаштардың астында күйдірмеңіз;

саяжай құрылыстарының жанында от жақпаңыз;

орманға барған кезде темекі шегуден бас тартыңыз.

Қайыргелді МҰҚАНОВ,

«Орлиногор орман шаруашылығы» КММ-нің орманшы инспекторы.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Новоберезовка ауылының тұрғыны, асқар таудай әкеміз, ардақты атамсыз – **Жанбатыр Қожабековті**



66 жасқа толуымен шын жүректен құттықтаймыз! Жүзіңіз нұрға, жүрегіңіз шаттыққа толсын, мерекеніз ұзағынан болсын! Анашым, әкеміз екеуіңіз біздің қуанышымыз болып жүре беріңіздер. Ғұмырлы болыңыз, тәтті немерелеріңіздің қызығына тоймай жүруді жазсын. Адам баласының ұзақ өміріндегі белбелестердің бәрі

де елеулі саналса керек. Дегенмен, бүгінгі келген жасыңыздың орны мүлдем ерекше екені баршаға мәлім. Ағалық ардақты асудан асып, ақсақалдық мерейлі кезеңге көтерілер бұл шақтың тал түс аталуы бекер емес! Шүкір, біреуден ілгері, біреуден кейін дегендей, өткен өмір белестері көңіл орнықтырып, көз тойдырады. Ең бір қуаныштысы, туған күніңізді отбасының алтын қазығы болған жан-жарыңмен бірге бала-шағаңның шаттыққа толы ортасында қарсы алып отырсыз. Өсіп-өнген, ұрпақ тәрбиелеген өзіңізге тек жақсылықтар, қуаныштар мен бақытты ғұмыр тілейміз.

Тойыңыз әрқашанда тарқамасын,

Өзіңізді балаларың арқаласын.

Жасыңызға дәл осындай жас қосылып

Көңіліңіз дариядай жарқырасын.

Атамсыз құтты болсын осы жасың,

Біз үшін ардақты гой алтын басың.

Немереден көріңіз шөберені,

Жыр алыбы Жамбылдың көріп жасың.

Құтты болсын қуанышты күніңіз,

Бақытты боп шаттық өмір сүріңіз.

Біраз жасқа қуанышпен жеттіңіз,


Енді жүзге құлаш сермен шығыңіз.

Туған күнде нұрға толсын жүзіңіз,

Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз,

Бала - шаға қызығына кенеліп,

Ортамызда аман - есен жүріңіз!



Ақ тілекпен: балалары, немерелері.

АҢ АУЛАУ МАУСЫМЫ АШЫЛДЫ

Елімізде күзгі-қысқы аңшылық маусымы басталды. Мылтық асынғандар қанжығасын майлауға асық. Республикада 130 мыңға жуық аңшы тіркелген. Аңшылық маусымын реттеу жануарлар мен құстардың популяциясын сақтаудың міндетті шарты болып табылады. Оны бұзу лицензиядан айыруға және қаруды тәркілеуге дейін ірі көлемде айыппұл салуға әкеп соғады. Сондықтан аңшылар биыл күзде аң аулауға болатын уақытты және орынды алдын ала анықтауы керек.

Осы бағытта бірқатар сұрақтарға жауап беріледі. Аңшылық жануарлардың қандай түрлеріне рұқсат етілген? Сондай-ақ, оларды аулау мерзімі қандай?



- Қазақстан аумағындағы аңшылық мерзімі «Аң аулау қағидалары туралы» ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі бекіткен бұйрыққа сәйкес өткізіледі. Ауланатын аңдар қатарына 34 сүтқоректі және 59 құс түрі жатады. Атап айтсақ, биыл 1 шілдеден бастап суырға, 15 шілдеден бастап сібір еліктері аталықтарына және 15 қыркүйектен 31 желтоқсанға дейін ана-лықтар мен төлдеріне, 27 тамыздан 30 қарашаға дейін қаз, үйрек, қасқалдаққа, 1 қыркүйектен 15 қарашаға дейін борсықтарға, 15 қыркүйек пен 30 қараша аралығында қараторғайға, 3 қыркүйектен 30 қарашаға дейін кекілікке, 3 қыркүйектен 31 желтоқсанға дейін қабандарға, 1 қарашадан 2023 жылдың 15 ақпанына дейін қоян, қарсақ, түлкілерге рұқсат етілген. Ал, Сібір еліктерін аулау тиісті аңшылық шаруашылығы субъектісі аңшысының қатысуымен және белгіленген аңшылық ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

- Әуесқой (спорттық) аң аулаушы аңшыда қандай құжаттар болуы тиіс?

- Аңшы күәлігі мен қару ұстауға рұқсат қағазы болмаса, аңға шығуға рұқсат етілмейді. Сонымен қатар, аңшылық нысанының арнайы рұқсаты керек. Құстармен аң аулауға да рұқсат қажет. Бұл ережелер бұзылса, 10 АЕК көлеміне дейін айыппұл салынады. Құжаттар ішінде аңшы күәлігі, ҚР-ның салық заңнамасы белгілеген мемлекеттік баждың төленгені туралы түбіртек,

жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат қағазы, аңшылық шаруашылығы субъектісінің жолдамалары, аңшылық атыс қаруын қолдану арқылы аң аулау үшін аңшылық атыс қаруын сақтау және алып жүру құқығын растайтын ҚР ішкі істер органдарында берілген рұқсат қағазы мен жыртқыш құстар мен аң аулаған кезде аушы жыртқыш құстың паспорты болуы тиіс. Сонымен қатар, аңшылық құру үшін алынатын жолдама мен арнайы рұқсат алуға аңшы күәлігіне жарнасы төленгені жөнінде белгі міндетті түрде болуы шарт. Аңшылар жабайы аң-құстарды жолдамада көрсетілген аң аулау мерзімінде және мөлшері бойынша аулауы тиіс. «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» заң мен Қазақстан аумағында аң аулау ережелерінің талаптарын орындамаған азаматтар еліміздің қылмыстық және әкімшілік заң бұзушылықтар туралы кодекстері бойынша жауапкершілікке тартылады.

- Бүгінде жергілікті фермерлер тарапынан ақбөкендерге қатысты біраз шағымдар түсуде. Алайда, заң бойынша оларды атуға рұқсат жоқ. Шаруалардың мәселесі қалай шешілмек?

- Республикада 800 мыңнан астам ақбөкен бар екен. Әзірге дала бөкендерінің санын реттеудің бірыңғай әдісі жоқ. Бұл жұмыстармен Экология министрлігі айналысады. Жергілікті шаруалардың айтуынша, жануарлар егін алқаптарын таптап кетеді екен. Ақбөкендерді оларға зиян тигізбейтін әдістермен, мысалы, арнайы сигналдарды қолдану арқылы қорқытуға болады.

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -
Бас редактор
Гүл НУРАЛИНА



Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп, № 10803-Г күәлігі берілген.

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс 314 Таралымы 1300

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй.

БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:

8 (715 36) 23-8-51

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың, келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.